

**Қарасу негізгі мектебі бойынша**  
**2022-2023 оқу жылындағы**  
**Мектепшілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы.**

Қарасу негізгі мектебінде 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақылау, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талдау және сараптамалық баға беру. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз тенденцияларды анықтау және бақылау үрдісінде әдістемелік көмек көрсетіп, озық педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында Қазақстан Республикасының БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспары әзірленді. Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Тәрбие жұмысының жоспарларының әдістемелік нұсқау хатқа сәйкестігін бақылау;
3. Оқушылардың қосымша білімге қолжетімділігі мен олардың орындалу жағдайларын бақылау;
4. Оқушылардың сабаққа қатысымы мен сынып жетекшілердің ата – анамен байланысын бақылау;
5. Тәрбие сағаттарының, тәрбиелік іс – шаралардың тиімді ұйымдастырылуы мен жетекшінің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Құқықбұзушылықтың алдын алу , есепте тұрған оқушылармен ұйымдастырылатын іс-шаралардың өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің, тәрбиенің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдау жүргізілді. Жасалған SWOT талдау бағытталған басқару шешімдер анықталды.


Жалпы жоспар негізінде тәрбие жоспарының сынып оқушыларының жас ерекшеліген сай болуын анықтау мақсатында тәрбие жоспарлары тексерілді. Көп балалы, аз қамтылған әлеуметтік көмек беру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуына бақылау жасалды. Сонымен бірге оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, оқулықпен қамтылуы, «Мектепке жол» акциясының қорытындысы, Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, үйірме, секцияларға қатысуы, Оқушылардың сабаққа қатысымы, 5-сынып оқушыларының жаңа буынға биімделуі барысында туындаған өзекті мәселелер, жетістіктерді анықтауда Бастауыштың орта буынға биімделуі, 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қадағалау, «Дебат», «Балалар және театр», «Вокал» үйірмелерінің берілуі, Оқушыларға азаматтық-патриоттық тәрбие беру сапасы, Сынып сағаттарының өтілуін тексеру, Жолда жүру ережелері, Өмір қауіпсіздік негіздері бағдарламаларының орындалуы, «Қоғамға қызмет» еріктілер клубы жұмысының жай-күйі, «Қоғам құндылығы» жобасының жүзеге асырылуы, Діни экстермизмнің алдын алу ақпараттық насихаттау тобының жұмысы, Ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмысының барысы, Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі, Мектеп парламентінің, «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмысы, «Адал ұрпақ» клубының жұмысы жоспарларының орындалуы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы жұмысы, Ұлдар, қыздар жұмысының жүргізілуі, Жазғы демалыспен қамтылуы т.с.с бағыттар негізінде мектепшілік бақылау жүргізіліп, уақытылы анықтамалары, хаттамалары жазылып, пед кеңес, директор жанындағы кеңес, әдістемелік бірлестіктер отырысында қаралып талқыланды. Бақыланған бағыттар негізінде уақытылы тиісті мамандарға ұсыныстар беріліп, қайта бақыланып ұсыныстар жойылып отырды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақыланды және орындалды, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талданып, сараптамалық баға берілді. Бақылау үрдісінде әдістемелік көмектер көрсетіліп, озық педагогикалық тәжірибелер таратылды. Атап айтсақ: «Ұлттық құндылық - тәрбие көзі» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған аудандық семинар-практикумда ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатындағы жұмыстар негізінде жауапты мамандар өз іс-тәжірибелерін таратты.

Алдыңғы оқу жылы бойынша аталған оқу жылға алынған ұсыныс:

- Сынып жетекшілердің, қосымша білім беру педагогтерінің жұмыстарын жинақтау, аудан, облыс көлемінде іс-тәжірибе таратуға ұсыну болса, аталған ұсыныс оқу жылында орындалды.

Жалпы 2022-2023 оқу жылындағы мектепшілік бақылау жұмысының мақсаты толық орындалды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Т.Дуйсегалиева